

**«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ
АТҚАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП КОМИТЕТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ ПО
КОНТРОЛЮ ЗА ИСПОЛНЕНИЕМ
РЕСПУБЛИКАНСКОГО БЮДЖЕТА»**

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Орынбор көшесі,
№8 үй «Министрліктер үйі»
тел.: (7172) 70-70-00, факс: (7172) 70-70-37, e-mail esep01@esep.gov.kz

010000, Республика Казахстан, город Астана, улица Орынбор,
дом №8 «Дом министерств»
тел.: (7172) 70-70-00, факс: (7172) 70-70-37, e-mail: esep01@esep.gov.kz

№ _____

№ исх: 1-9-2-22/14-ДС/310 от: 30.01.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
А.Т. Перуашевқа**

Құрметті Азат Тұрлыбекұлы!

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Сіздердің 2017 жылғы 27 қаңтардағы №ДЗ-24 венчурлық қорлардың қызметіне қатысты сұрауларыңызға «Ұлттық инновациялық қоры» АҚ және «Технологиялық даму бойынша ұлттық агенттік» АҚ-да 2009-2017 жылдар кезеңінде жүргізілген бақылау шараларының қорытындылары туралы ақпаратты жолдайды.

Қосымша: 3 парақ.

Құрметпен,

Төраға

Қ. Жаңбыршин

Орынд. А. Медеубаева
70-69-69

007464

Венчурлік қорлар қызметіне жүргізілген аудит (бақылау) нәтижелері туралы ақпарат

Есеп комитеті 2009-2016 жылдар аралығында «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-да (2009, 2011 жж.) және «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-да (2013 ж) үш бақылау іс-шарасын жүргізді.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ (бұдан әрі – «ҰИҚ» АҚ)

2009 жылы мемлекет активтерінің пайдаланылуының Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкестігіне жүргізілген бақылау барысында «ҰИҚ» АҚ-да инвестициялық саясат туралы меморандуммен регламенттелген нысаналы көрсеткіштерді сақтамау анықталды.

Инновациялық құрылымға инвестиция нысаналы көрсеткішті 31 пайызға арттыра отырып, 14,2 млрд. теңгені құрады.

2003-2007 жылдары ішінде «ҰИҚ» АҚ-ның жарғылық капиталын толықтыру үшін республикалық бюджеттен 32,3 млрд. теңге бөлінді. Бұл ретте бос қаражат екінші деңгейдегі банктер депозиттеріне орналастырылған. Орналастырудың жалпы сомасы 36,8 млрд. теңгені құрады. 2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша негізгі емес қызметтен алынған сыйақылардың есебінен кіріс 1,8 млрд. теңгені құрады.

2003, 2006 және 2008 жылдарға қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері бойынша «ҰИҚ» АҚ-да «Қазсат» спутнигі жұмысының тоқтатылуына орай инвестициялардың құнсыздануына резервтер есептеу, сондай-ақ «Инжиниринг және технологиялардың трансферті орталығы» АҚ-ның шетелдік компанияларға салынған активтер құнының азаюы салдарынан жалпы сомасы 11,8 млрд. теңге шығынға жол берілген.

2007-2008 жылдары және 2009 жылдың 9 айында «ҰИҚ» АҚ-да бюджетте көзделген жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгеге жеті жобаны іске асырудан кірістердің түсуі қамтамасыз етілмеген.

2009 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша он бір венчурлік қорлардың алтауы жалпы сомасы 7,5 млрд. теңгеге шығындарға жол берген.

2011 жылы жүргізілген бақылау 2009-2011 жылдары «ҰИҚ» АҚ-да бірде бір инновациялық-инвестициялық жоба қаржыландырылмағанын анықтады. 2012 жылғы 1 қаңтарға «ҰИҚ» АҚ-ның активтер көлемі 35,3 млрд. теңгені құраған, екінші деңгейдегі банктердегі оның есеп шоттарында 5,4 млрд. теңге пайдаланылмаған қалдық қаражаты ретінде шоғырландырылған.

2009 жылдан бастап 2011 жыл аралығында «ҰИҚ» АҚ-ның жарғылық капиталы бюджет қаражаты есебінен 7,7 млрд. теңгеге дейін, соның ішінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына үлестік қатысу арқылы инвестициялық жобаларды іске асыруға 3,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылған. Алайда инвестициялық жобалар қаржыландырылмаған және индустриялық-инновациялық инфрақұрылымдарды дамыту бойынша міндеттерге қол

жеткізілмеген («Пеноқыш» ұсақ фракциялы пеношыны өндіру бойынша зауыт құрылысы», «Энергетикалық машинақұрылысы зауытын салу» және Алматы облысының Алакөл ауданы аумағында целлюлоза-қағаз өнеркәсібін ұйымдастыру).

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ» (бұдан әрі – «ТДҰА» АҚ)

Есеп комитеті 2013 жылы Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның, сондай-ақ шеңберінде «ТДҰА» АҚ-ның қызметі қамтылған жекелеген салалық бағдарламалардың іске асырылуына аралық бағалау жүргізді.

«ТДҰА» АҚ Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша технологиялық дамыту жөніндегі ұлттық оператор болып айқындалды.

Бағдарламаның жобалық және венчурлік қаржыландыру шеңберінде технологияларды енгізуге және таратуға жәрдемдесу бойынша тетіктері толық көлемде іске асырылмаған.

Бақылау жүргізу кезінде «ТДҰА» АҚ шетелдік 6 венчурлік қордың қатысушысы болып табылып, жарғылық капиталдағы төленген үлесі 3 930,5 млн. теңгені құрады.

Көрсетілген венчурлік қорлардың жарғылық капиталына қатысу уақытында салынған инвестицияларды қайтаруды 4 қор ішінара 870,9 млн. теңге мөлшерінде жүзеге асырған, немесе жалпы сомаға шаққанда 22,2%. 2 қордан 37,7 млн. теңге мөлшерінде пайда түскен. Инвестициялау үшін шетелдік венчурлік қорлардың қаражатын Қазақстанға тартуды бір қор ғана жүзеге асырған.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4 өңірлік және 4 салалық (венчурлік) қор құру мәселесін пысықтау жөніндегі (аяқталу мерзімі 2012 жыл) 22 және 23-тармақтары толық көлемде орындалмаған.

2012 жылы құрылуы жоспарланған 4 венчурлік қордың ішінен «Парасат» тәуекелді инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қоры» АҚ құрылды. «ТДҰА» АҚ-ның деректері бойынша келіссөздер жүргізу кезеңінде «Павлодар» ӘКК» ҰҚ» АҚ-мен және Ақмола облысының әкімдігімен венчурлік қорлар құру мәселесі қаралған.

2013 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЕДБ-дағы «ТДҰА» АҚ-ның шоттарында жобалық және венчурлік қаржыландыруға көзделген 7,8 млрд. теңге, соның ішінде жобалық және венчурлік қаржыландыруға бөлінген – 3,7 млрд. теңге және венчурлік қорлар мен инновациялық жобалар бойынша инвестицияларды қайтаруға бөлінген – 4,1 млрд. теңге болған.

Жасалған шарттар бойынша міндеттемелер 2,9 млрд. теңгені, қаражат қалдығы – 4,8 млрд. теңгені құрады.

Бұл ретте, Салалық бағдарламада көзделген 4 салалық және 4 өңірлік венчурлік қорларды құру ішінара орындалған. 2 қор құрылып, бұл ретте бақылау жүргізу сәтінде олар жобаларды іске асыруды жүзеге асырмаған.

Салалық бағдарламаны іске асыру кезеңінде 2 жоба ғана қаржыландырылған, бұл қаржылық ресурстар жеткілікті бола тұра «ТДҰА» АҚ қызметінің тиімсіз екендігін көрсетті.

Анықтама ретінде:

«ТДҰА» АҚ-ның Директорлар кеңесі 2012 жылғы 10 тамызда

«ЕурАзЭк инновациялық технологиялар орталығы» венчурлік компаниясы» АҚБ қатысушыларының құрамына кіру туралы шешім қабылдаған.

2012 жылғы 4 желтоқсанда Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының жаңартылатын энергия орталық-азия қорының ICD Central Asia Renewable Energy Fund LP қатысушылар құрамына қатысу жөнінде шешім қабылдаған.

Келіссөздер шеңберінде Sofinnova Ventures Америка венчурлік қорымен бірлесіп CoreBridge Capital венчурлік қорын құру мүмкіндігі қаралған.

Осылайша, бақылау жүргізу кезінде жоспарланған 8 қордың тек 2-еуі ғана, соның ішінде бір өңірлік және бір салалық венчурлік қор құрылып, тексеру сәтінде олар жобаларды іске асыруды жүзеге асырмаған. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның хаттамалық шешіміне сәйкес венчурлік қорларды одан әрі құру тоқтатылған.

2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша «ТДҰА» АҚ-ның шоттарында шетелдік венчурлік қорларға инвестициялар бойынша игерілмеген қалдық - 1 081,5 млн.теңгені, ал қазақстандық венчурлік қорларға - 80,0 млн.теңгені құрады.

Венчурлік қаржыландыру бойынша заңнамалық базаның болмауына байланысты Бағдарламада көзделген өңірлік және салалық бөліністегі венчурлік капиталға қол жетімділік орындалмаған.

Бақылау іс-шараларының нәтижелері Парламентте 2009, 2011 және 2016 жылдарға республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті талқылау барысында қаралды. Инвестиция құрылысы бойынша нысаналы көрсеткіштерін сақтау, шығынға ұшырауға байланысты жекелеген венчурлік қорларды қаржыландыру орындылығын қарау бойынша берілген Есеп комитетінің ұсынымдары мен тапсырмалары орындалған және бақылаудан алынған болатын.

Сонымен қатар «ҰИҚ» АҚ-ның бақылау материалдары Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне процестік шешім қабылдау үшін жолданды, бірақ қылмыстық іс қозғаудан бас тартылды.

Есеп комитетінің аудит объектілерінің 2017 жылға арналған тізбесінде «ТДҰА» АҚ-ның қызметін бағалау көзделмеген.

Информация о результатах аудита (контроля) деятельности венчурных фондов

Счетным комитетом за период с 2009 по 2016 год проведено три контрольных мероприятия в АО «Национальный инновационный фонд» (2009, 2011гг.) и АО «Национальное агентство по технологическому развитию» (2013г.).

АО «Национальный инновационный фонд» (далее – АО «НИФ»)

В ходе проведенного в **2009** году контроля использования активов государства на соответствие требованиям законодательства Республики Казахстан в АО «НИФ» установлено несоблюдение целевых показателей, регламентированных меморандумом об инвестиционной политике.

Инвестиции в инновационную структуру составили 14,2 млрд. тенге, превысив целевой показатель на 31 процент.

В течение 2003-2007 годов из республиканского бюджета на пополнение уставного капитала АО «НИФ» выделено 32,3 млрд. тенге. При этом, свободные средства размещались на депозитах банков второго уровня. Общая сумма размещения составила 36,8 млрд. тенге. По состоянию на 1 октября 2009 года доход от неосновной деятельности за счет полученных вознаграждений составлял 1,8 млрд. тенге.

По результатам финансово-хозяйственной деятельности за 2003, 2006 и 2008 годы АО «НИФ» допущены убытки на общую сумму 11,8 млрд. тенге вследствие начисления резерва на обесценение инвестиций из-за прекращения функционирования спутника «Казсат», а также уменьшения стоимости активов АО «Центр инжиниринга и трансферта технологий», вложенных в зарубежные компании.

В 2007-2008 годах и за 9 месяцев 2009 года АО «НИФ» не обеспечено поступление доходов от реализации семи проектов, предусмотренных бюджетом, на общую сумму 1,2 млрд. тенге.

По состоянию на 1 октября 2009 года шесть из одиннадцати венчурных фондов допустили убытки на общую сумму 7,5 млрд. тенге.

В **2011** году проведенным в АО «НИФ» контролем установлено, что в 2009-2011 годах не профинансирован ни один инновационно-инвестиционный проект. По состоянию на 1 января 2012 года объем активов АО «НИФ» составлял 35,3 млрд.тенге, на его расчетных счетах в банках второго уровня были аккумулированы 5,4 млрд.тенге как неиспользованный остаток средств.

С 2009 по 2011 год за счет бюджетных средств увеличен уставный капитал АО «НИФ» до 7,7 млрд.тенге, в том числе на реализацию инвестиционных проектов путем долевого участия в уставном капитале юридических лиц до 3,3 млрд. тенге. Однако инвестпроекты (*«Строительство завода по производству мелкофракционного пеностекла «пенокерам», «Строительство энергетического машиностроительного завода» и «Организация целлюлозно-бумажного производства на территории Алакольского района Алматинской области»*) не профинансированы и задача по развитию индустриально-инновационной инфраструктуры не достигнута.

АО «Национальное агентство по технологическому развитию» (далее – АО «НАТР»)

В 2013 году Счетным комитетом проведена промежуточная оценка реализации Государственной программы по форсированному индустриально - инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы, а также отдельных отраслевых программ, в рамках которой охвачена деятельность АО «НАТР».

АО «НАТР» было определено национальным оператором по технологическому развитию по Программе развития инноваций и содействия технологической модернизации в РК на 2010-2014 годы (далее - Программа).

Механизмы Программы по содействию внедрения и распространения технологий в рамках проектного и венчурного финансирования были реализованы не в полной мере.

На момент контроля АО «НАТР» являлось участником 6 зарубежных венчурных фондов, оплаченная доля в уставном капитале которых составила 3 930,5 млн. тенге.

За время участия в уставном капитале указанных венчурных фондов возврат вложенных инвестиций осуществлялся частично 4 фондами в размере 870,9 млн. тенге, или 22,2% от общей суммы. От 2-х фондов поступила прибыль в размере 37,7 млн. тенге. Привлечение средств зарубежных венчурных фондов для инвестирования в Казахстан осуществлялось только одним фондом.

Не в полном объеме исполнены пункты 22 и 23 Плана мероприятий по реализации Программы по проработке вопроса создания 4-х региональных и 4-х отраслевых (венчурных) фондов со сроком завершения в 2012 году.

В 2012 году создано АО «Акционерный инвестиционный фонд рискованного инвестирования «Парасат», из 4 венчурных фондов запланированных к созданию. По данным АО «НАТР», на этапе переговоров находился вопрос по созданию венчурных фондов с АО «НК «СПК «Павлодар» и Акиматом Акмолинской области.

На 1 сентября 2013 года на счетах АО «НАТР» в БВУ находились 7,8 млрд. тенге, предусмотренные на проектное и венчурное финансирование, в т.ч. выделенные на проектное и венчурное финансирование – 3,7 млрд. тенге и возврат инвестиций по венчурным фондам и инновационным проектам – 4,1 млрд. тенге.

Обязательства по заключенным договорам составили 2,9 млрд. тенге, остаток средств – 4,8 млрд. тенге.

При этом, предусмотренное Отраслевой программой создание 4-х отраслевых и 4-х региональных венчурных фондов выполнено частично. Созданы 2 фонда, при этом реализация проектов на момент контроля ими не осуществлялась.

За период реализации Отраслевой программы профинансировано лишь 2 проекта, что указывало на неэффективность деятельности АО «НАТР», при достаточности финансовых ресурсов.

Справочно:

Советом директоров АО «НАТР» 10 августа 2012 года принято решение о

вхождении в состав участников ООО «Венчурная компания «Центр инновационных технологий ЕврАзЭС».

4 декабря 2012 года принято решение об участии в составе участников ICD Central Asia Renewable Energy Fund LP транснациональный фонд возобновляемой энергии Исламской корпорации по развитию частного сектора.

В рамках переговоров рассматривалась возможность создания венчурного фонда CoreBridge Capital совместно с Американским венчурным фондом Sofinnova Ventures.

Таким образом, из запланированных 8 фондов на момент контроля созданы всего 2, в том числе один региональный и один отраслевой венчурный фонд, которые на момент проверки не осуществляли реализацию проектов. В соответствии с протокольным решением АО «НУХ Байтерек» дальнейшее создание венчурных фондов было приостановлено.

По состоянию на 1 октября 2013 года на счетах АО «НАТР» неосвоенный остаток по инвестициям в зарубежные венчурные фонды составил 1 081,5 млн.тенге, в казахстанские венчурные фонды - 80,0 млн.тенге.

По причине отсутствия законодательной базы по венчурному финансированию, предусмотренная Программой доступность венчурного капитала в региональном и отраслевом разрезе не выполнена.

Результаты контрольных мероприятий были рассмотрены в Парламенте при обсуждении отчета об исполнении республиканского бюджета за 2009, 2011 и 2013 годы. Рекомендации и поручения Счетного комитета по соблюдению целевых показателей по структуре инвестиций, рассмотрению целесообразности финансирования отдельных венчурных фондов в связи с их убыточностью были выполнены и сняты с контроля.

Кроме того, материалы проверки АО «НИФ» 2009 года направлены в Агентство по борьбе с экономической и коррупционной преступностью для принятия процессуального решения, в возбуждении уголовного дела по которым отказано.

Перечнем объектов аудита Счетного комитета на 2017 год оценка деятельности АО «НАТР» не предусмотрена.